ЖШС «Рабия» бөбекжай балабақшасы

2024-2025 оқу жылының меңгеруші жанындағы кеңес жоспары мен хаттамалары

Scanned with CamScanner

Бекітемін

«Рабия» бөбекжай

балабақшасының

меңгерушісі:Абданбекова Л

2024-2025 оқу жылының меңгеруші жанындағы кеңес жоспары мен хаттамалары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	№1кеңес 1. Сыбайластық-жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс.	IX	Меңгеруші:Абданбекова Л Әдістемелік бірлестік жетекшісі Шаполатова Э Әдіскер:Мырзабек А
2	№2кеңес 1.Сыбайластық жемқорлық деген не?	X	Меңгеруші:Абданбекова Л Әдіскер:Мырзабек А
3	№3 кеңес 1.Кіші топтарында «Денсаулық» білім саласы бойынша қимылды ойындар ұйымдстырудың сапасы. 2.Тамақтанудың ұйымдастыру сапасын талқылау	XI	Меңгеруші:Абданбекова Л Әдіскер:Мырзабек А Медбике Исхақ А
4	№4кеңес 1.Екінші тоқсанда апталық тәрбие шараларының циклограммалық журналдардың тексерудің	XII	Төрайымы: Шаполатова Э Әдіскер : Мырзабек А

Scanned with CamScanner

	нәтижесі. Әдіскер А.Мырзабек 2. «Мектепалды дайындық», «Бала тәрбиесі», «Отбасы және балабақша» журналдарын шолу жасау.		
5	№5кеңес .I жарты жылдықтың есебі. Әдіскер А.Мырзабек 2.Балалардың жұқпалы ауруларға шалдығуы. А.Исхақ 3.Балалардың «Шығармашылық» білім саласындағы заттық сурет салу құзіреттілігін бағалау.	I	Төрайымы: Шаполатова Э Әдіскер : Мырзабек А
6	№6 кеңес 1.МЖББС бағдарламалары және білім біліктілікті көтеру. Әдіскер А.Мырзабек 2.Байқауларды өтудегі мақсаты мен міндетін талдау. (альбом, фотолар жасау) Әдіскер А.Мырзабек	II	Төрайымы: Шаполатова Э Әдіскер : Мырзабек А

Scanned with CamScanner

Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы мәселелерін енгізе отырып, білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі жоспарын әдістемелік бірлестік кеңес отырысында талқылау жиналысының

ХАТТАМАСЫ 1

Қатысқаны: 14 Күні: 02.09.2024 жыл

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Сыбайластық-жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Рабия» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Л.Абданбекова сөз алып, әдістемелік отырыста қаралатын мәселемен таныстырып, жиналысты ашық деп жариялады.

Сыбайластық жемқорлық пен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы Заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады деп өз ойын ортаға салып өтті.

Жарыс сөзге:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Э.Шаполатова шығып, өз ойын ортаға салды. «Сыбайластық-ғасыр дерті» демекші жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс екенін ұмытпауымыз кереетігін айтты. Осы тақырыпта оқу-тәрбие салалары бойынша іс-шаралар ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер барысында өсіп келе жатқан жас ұрпақты шыншылдыққа, рухани адамгершілікке баулу және дұрыс бағыт-бағдар берсек, өскелең ұрпақ болашақта өз орнын таба біледі деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөзге:

Әдіскер А.Мырзабек сөз алды. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы ортақ білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында: оқушылардың сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру және Қазақстан

Scanned with CamScanner

Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2022-2023 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын орындау мақсатында 1-4 сыныптарға, мектепке дейінгі мекемеге арналған «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үлгілі оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осыған байланысты пәндерді оқытуда тұлғаны қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөзге:

Әдіскер А.Мырзабек шығып сөз алды. Сыбайлас жемқорлыққа көріністерден туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепішілік іс-шара жоспары түзіліп, бекітілген.Сонымен қатар «Сыбайластық-ғасыр дерті», «Сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс» тақырыптарында әдістемелік отырыс жиналысы, тәрбие сағаттары, баяндамалар, меңгеруші жанындағы кеңес жиналыстары қарастырылған.

Әдістемелік бірлестік кеңес отырысы қаулы етеді:

1.2024-2025 оқу жылында сыбайластық жемқорлыққа күрес ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде кіріктіріліп, таныстырылсын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Шаполатова Э

Хатшы: Мырзабек А

Scanned with CamScanner

Түркістан қаласы ЖШС «Рабия» бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы кеңес жиналысының

ХАТТАМАСЫ 2

Қатысқаны: 14 Күні: 07.10. 2024жыл

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Сыбайластық жемқорлық деген не?

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Рабия» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Л.Абданбекова сөз алып, әдістемелік отырыста қаралатын мәселемен таныстырып, жиналысты ашық деп жариялады.

Қазақстан Республикасы «Сыбайластық-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесі анықтама береді. Ол мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар өздерінің лауазымды құзіреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңымен қарастырылмаған мүліктікжайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу. Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады? Біріншіден пара бермеу, екіншіден пара алмау деп баса айтты.

Жарыс сөзге:

Әдіскер А.Мырзабек сөз алды. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы ортақ білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында: Оқушылардың сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын орындау мақсатында 1-4 сыныптарға, мектепке дейінгі мекемеге арналған «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үлгілі оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осыған байланысты пәндерді оқытуда тұлғаны қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеуге,

5

Scanned with CamScanner

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөзге:

Әдіскер А.Мырзабек шығып, өз ойын ортаға салды. «Сыбайластық-ғасыр дерті» демекші жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс екенін ұмытпауымыз тиіс. Осы тақырыпта оқу-тәрбие салалары бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, бекітілген. Түзілген жоспар бойынша әрбір педагог оқу іс-әрекеттер барысында өсіп келе жатқан жас ұрпақты шыншылдыққа, рухани адамгершілікке баулу мақсатында «Мен шыншыл баламын» тақырыбында әңгіме жұмыстары арқылы өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, балабақта шыншыл және өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуде. Сондықтан жемқорлыққа жол бермеу, оны болдырмау біздің басты міндетіміз екенін есімізден шығармау тиіс деп сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

1. Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күресті барлық қызметкерлер ұстансын.
2. Педагог қызметкерлері сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес оқу үрдісінде кіріктіріліп, таныстырылсын.

«Рабия» бөбекжай бақшасының меңгерушісі: Л.Абданбекова

Хатшы: А.Мырзабек

Scanned with CamScanner

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысының

Хаттамасы №3

Түркістан қаласы 04 қараша 2024 жыл

Қатысқандар:
«Рабия» бөбекжай балабақшасының

Педагогтары 14

Күн тәртібінде:

1.Кіші топтарында «Денсаулық» білім саласы бойынша қимылды ойындар ұйымдстырудың сапасы.

2.Тамақтанудың ұйымдастыру сапасын талқылау

«Рабия» бөбекжай балабақшасының әдіскері А.Мырзабек сөз алып, күн тәртібінің мәселелерімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша «Денсаулық» білім саласы бірлестігінің жетекшісі спорт нұсқаушысы сөз алды. Дене тәрбиесі маманы сәбилер тобындағы қимылды ойынның маңызы мен тиімді тәсілдері туралы айты. Сәбилер тобында қимылды қозғалысты таңертеңгілік жаттығудың өзін ырғақты әуенмен жасатуғы бейімдеуге болады. Қимылды қозғалыс баланың дене бітімінің әдемі өсуі мен шығуына өте тиімді. Сәбилер тобындағы қимылды ойындардың бірнеше түрі бар: «Белгі бойынша қимылда», «Шарға қолыңды тигіз», «Допты қуып ұстап әкел», «Қоңжық пен қоян», «Сақ бол, жүгіріп ұстатпа», «»Орамалды алып жүгір» т.б.

Қимылды ойынның мақсаты баланы тасырманы дұрыс орындауға, шапшадыққа, жылдамдыққа, ой-өрісінің тез жетілуіне әсер етеді. Баланың логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Екінші мәселе бойынша бақшаның мейірбикесі Исхақ Айша балалардың денсаулығы мен жұқпалы ауралардан сақтану жолдарына қарсы жүргізіп отрыған жұмыстары туралы мәлімет берді. Күз мезгілін, күннің суықтығына байланысты ауада тез таралатын жұқпалы аурулардың алдын алу үшін санитарлық, гигиеналық талаптардың сақталып отырғандықтарын баяндап отті. Сонымен қатар бақша дәмбикесі тамақтың сапасының жақсы, дәрумендердің уақытылы берілін отырғандықтарын. Балалардың тамақтану

Scanned with CamScanner

тәртібін қадағалап отырғандығын айтып өтті. Ас мәзірі 1 аптаға реттеліп жасалады. Барлық топтарға ас мәзірі парағы уақытылы таратылады.

Қорыта келгенде бақшаның оқу тәрбие процессі уақытылы қадағаланып, балалардың тәрбие алуы мен өмір қауіпсіздігін әдіскер А.Іскендірова күнделікті күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестесіне қарап қадағалап отыр.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1.Кіші топтарында «Денсаулық» білім саласы бойынша қимылды ойындарды әдіскер А.Мырзабек қадағалансын.

2.Тамақ сапасының сақталуы мен балалардың денсаулығын мейірбике мен дәмбике Исхақ Айша қадағаласын.

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: Э.Шаполатова

Хатшы: А.Мырзабек

Scanned with CamScanner

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №4

Қатысқандар:
25.12.2024ж

«Рабия» бөбекжай балабақшасының

педагогтары

Күн тәртібінде:

1.Екінші тоқсанда апталық тәрбие шараларының циклограммалық журналдардың тексерудің нәтижесі. Әдіскер А.Мырзабек

2. «Мектепалды дайындық», «Бала тәрбиесі», «Отбасы және балабақша» журналдарын шолу жасау.

«Рабия» бөбекжай балабақшасының әдіскері А.Мырзабек сөз алып, күн тәртібінің мәселелерімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша топтардың екінші тоқсан бойынша тәрбие шараларының циклограммалық нәтижесі бақыланып, тексерілді. 5 топтың циклограммалық журналы толтырылған. Циклограммадағы жаттығу мен қимылды ойындар мазмұны түсіндірілген. Балалар жас ерекшелігіне қарай циклограммадағы тәрбие жұмыстарын білетіндігін бақылау барысында көрсетті.

Екінші мәлесе бойынша «Қатынас» бірлестік жетекшісі Э Шаполатова, «Таным» бірлестік жетекшісі А.Мырзабек, ересек топ тәрбиешісі А.Мырзабек кезек-кезек сөз алып педагогтардың біліктілігін көтеру, әдістемелік көмек ретінде Мектепке дейінгі мекеменің оқу тәрбие процессін жүргізуге арналған «Мектепалды дайындық», «Бала тәрбиесі», «Отбасы және балабақша» әдістемелік-республикалық журналының материалдарын талдау мақсатында өздерінің пікірлерін ортаға салды. Жаңа технологиядағы жаңалықтармен таныстырды. Журналдардың әдістемелік нұсқаулықтарының берері өте көп, әр педагогтың пікірі мен көзқарасын танысың. Бақшаға арналған тұстарын қағаз бетіне түсіріп, өз шеберліктерін арттыруға жұмыс жасайтындықтарын айтты.

Scanned with CamScanner

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1.1 жарты жылдықтың есебі алынып, әдістемелік кабинет жұмысында талдансын. Әдіскер А.Мырзабек

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: Э.Шаполатова

Хатшы: А.Мырзабек

Scanned with CamScanner

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №4

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1.I жарты жылдықтың есебі алынып, әдістемелік кабинет жұмысында талдансын. Әдіскер А.Мырзабек

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: Э.Шаполатова

Хатшы: А.Мырзабек

Scanned with CamScanner

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №5

Қатысқандар:
20.01.2024

«Рабия» бөбекжай балабақшасының

педагогтары

Күн тәртібінде:

1.I жарты жылдықтың есебі. Әдіскер А.Мырзабек

2.Балалардың жұқпалы ауруларға шалдығуы. А.Исхақ

3.Балалардың «Шығармашылық» білім саласындағы заттық сурет салу құзіреттілігін бағалау.

Бірінші мәселе бойынша әдіскері Мырзабек Ақниет сөз алды. «Рабия» бөбекжай балабақшасының күн тәртібінің сақталуын үнемі бақыланып отыр. Таңертеңгілік жаттығу сәті мен балаларда тамақтандыру уақыты дер кезінде орындалады. Топтардың қыс мезгіліне орай жабдықталуы, серуен сәті қадағаланып отыр. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы балаларға мағлұмат берілді. I жарты жылдықтың есебі алынып, балалардың даму деңгейінің көрсеткіші қорытындыланды. Қазіргі таңда топтардың даму көрсеткіштері өте жақсы. Атқарылған ашық оқу іс-әрекеттері мен ертеңгіліктердің жоспары бар, бекітілген, бағдарлама нақты, жүйелі құрылған.

Екінші мәселе бойынша ауадағы жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын мейірбикеке А.Исхақ мағлұмат берді. Санитарлық топтардың тазалығы өте жақсы екенін бақыланды. Топтағы балалардың санитарлық-медициналық құжаттары түгел, бала денсаулығының жақсы екені қадағаланды. Топтардың таңертеңгілік таңғы жаттығу жасауы үнемі спорт нұсқаушыларының қадағалануымен орындалып отырды. Қазіргі таңда барлық бала таңғы жаттығуға дағдыланған. Табиғат аясындағы өмірді ұйымдастыру сапасы топ тәрбиешілеріне міндеттелгендіктен серуен сәті

Scanned with CamScanner

қадағаланып отыр. Бала сенбі, жексенбі күнгі демалыста әр түрлі отбасы болғандықтан қысқы мезгілде қадағаланбай қалып жатады. Бақшаға келген сәттерде қызуы көтеріңкі, ангиналары көтеріңкі болды. Таңертеңгі қабылдау сәтінде мейірбикелер байқап, баланы ата-анасымен қатарып, емхана жібереді. Ауырған баланың дианозын мейірбикелер өздері жергілікті дәрігерден қадағалап отырады.

Үшінші мәселе бойынша бақша психологы балалардың психологиялық даму деңгейіне барлық топтың тәрбиеленушілеріне сараптама жасады. Сурет салу арқылы баланың мінез-құлқы мен бақшаға бейімделуін қадағалады. Жақсы нәтиже көрсеткіштерін көрсетті.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1.II жарты жылдықтың жоспары құрылып, педагогтарға таныстырылсын. Әдіскер А.Мырзабек

2.Жұқпалы аурудың алдын алу жолдарына медициналық шаралар қолдансын А.Исхақ

3.Балалардың даму деңгейін қадағаласын.

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: Э.Шаполатова

Хатшы: А.Мырзабек

Scanned with CamScanner

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №6

Қатысқандар:
17.02.2024ж

«Рабия» бөбекжай балабақшасының

педагогтары

Күн тәртібінде:

1.МЖББС бағдарламалары және білім біліктілікті көтеру. Әдіскер А.Мырзабек

2.Байқауларды өтудегі мақсаты мен міндетін талдау. (альбом, фотолар жасау) Әдіскер А.Мырзабек

Әдіскері А.Мырзабек сөз алды. «Рабия» бөбекжай балабақшасы тәрбиешілердің ЖМББС бағдарламасының оқу-құралдары талапқа сай орындалып отыр. Қазіргі таңда стандарт білім саласы сәйкес таңғы жаттығулары қадағаланып отыр.

Сонымен қатар таңғы жаттығуға балалар дағдыланғандығы табиғат аясындағы өмірді ұйымдастыруға қалыптасқан. Күннің тәртібін сақтау үнемі бақыланып отырылады. Балаларды тамақтандыру уақыты дер кезінде орындалады. Топтардың қыс мезгіліне орай жабдықталуы, серуен сәті қадағаланып отыр.

Педагогтардың біліктілігін көтеру, әдістемелік көмек ретінде Мектепке дейінгі мекеменің оқу тәрбие процессін жүргізуге арналған «Отбасы және балабақша» әдістемелік-республикалық журналының материалдарын талдау мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырдық. Дөңгелек үстелдің беті өте көп, әр педагогтың пікірі мен көзқарасын тану. Өзіміздің бақшаға арналған тұстарын қағаз бетіне түсіріп, өз шеберліктерін арттыру.

Екінші мәселе бақшаішілік байқаулар ұйымдастыру. Мақсатымыз: байқауға мұғалім де, тәрбиеленуші де, ата-ана да ізденіп, жауапкершілікпен

Scanned with CamScanner

жұмыс атқарады. Білімдерін шыңдайды. Тәжірибе алмасады. Байқаудың мақсаты, шарттары, бағдарламасы, құрылымы жүйелі, мазмұнды түрде әдіскердің бақылауымен қадағаланып отырады.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1.МЖББС бағдарламалары және білім біліктілікті көтеру қадағалансын. Әдіскер А.Мырзабек. Байқаулардың материалдары альбом, фотолар жинақталсын. Әдіскер А.Мырзабек

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: Э.Шаполатова

Хатшы: А.Мырзабек

Scanned with CamScanner

Нөмірленген, тігілген және мөрмен

Бекітілген осы журналда

15 /он бес/ балабақша

меңгерушісі Абдибекова А